



БҰЙРЫҚ

«28» 08 2025 ж
Темиртау қаласы

ПРИКАЗ

№ 324 н/к
город Темиртау

Қарағанды облысы білім басқармасының Темиртау қаласы білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы

Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы 2024 жылдың 23 қазандағы №415 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025 жылдың Қарағанды облысы білім басқармасының Темиртау қаласы білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы №1 педагогикалық кеңесте таныстырылсын.

2.Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия төмендегідей құрамда бекітілсін:

Комиссия төрағасы – Г.Е.Усенова

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары:

Л.М.Мейрамова., А.А.Мажитова.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары :

У.А.Сембекова., Ж.Каламгазы

Мектептің шаруашылық қызметі бойынша меңгерушісі – Ф.Б.Дюсенова

Кітапханашы – Ф.Б.Макулбаева

Кәсіподақ төрайымы – А.С.Желебаева

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша төмендегі комиссия мүшелеріне тапсырмалар **ЖҮКТЕЛСІН:**

3.1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары :

- Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген өткен үш оқу жылғы құжаттары (жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері, күнтізбелік –

тақырыптық жоспардың оқу бағдарламасына сәйкестігі, ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компонентінің факультативтері мен тандау курстарының журналдары «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының жүзеге асырылуы;

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

- Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;
- Білім алушылардың Әділдік және жауапкершілік, Бірлік және ынтымақ, Жасампаздық пен жаңашылдық, Заң және тәртіп, Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, Тәуелсіздік және отаншылдық іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;
- «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру;

3.3 Мектеп кітапханашысы

- Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер;
- Цифрлық тасымалдағыштардың оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер;

3.4 Мектеп медбикесі

- Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пунктін және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер;
- Санитарлық қағидалар нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер;

4. Білім беру ұйымы өзін-өзі бағалау бойынша құжаттары жоспарланған мерзіміне дейін «Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ интернет-ресурстарында орналастырылсын.

5. Бұйрықтың орындалысын өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Е. Усенова